

Шалқар ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының индекстерін, атаулары мен тізбесін бекіту және аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 14 мамырдағы № 122 қаулысы. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Шалқар аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 28 мамырда № 3-13-197 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 3 бабының 7 тармағына, 6 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Шалқар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шалқар ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының индекстері, атаулары мен тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Шалқар ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) Шалқар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 04 желтоқсандағы № 268 "Ақтөбе облысының Шалқар ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4660 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 15 қаңтарда жарияланған);

2) Шалқар ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 15 мамырдағы № 97 "Шалқар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 04 желтоқсандағы № 268 "Ақтөбе облысының Шалқар ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5502 болып тіркелген, аудандық "Шалқар" газетінде 2017 жылғы 01 маусымда жарияланған).

3. "Шалқар аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Шалқар аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Алибековке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
Келісілді:
"Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі
және автомобиль жолдары
басқармасы" ММ басшысы

Б. Қаниев

А. Османғалиев

Шалқар ауданы әкімдігінің
2018 жылғы 14 мамырдағы
№ 122 қаулысымен бекітілген

Шалқар ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының индекстері, атаулары мен тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 19.03.2024 № 54 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ р/с	Автожолдың индексі	Автожолдың атауы	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	KD-SH-001	Шалқар қаласының оңтүстік айналма жолы	7,1
2	KD-SH-002	Мөңке би ауылына кіре беріс	0,595
3	KD-SH-003	Сарысай ауылына кіре беріс	3,38
4	KD-SH-004	Қайдауыл ауылына кіре беріс	1,94
5	KD-SH-005	Алабас ауылына кіре беріс	9,8
6	KD-SH-006	Шетырғыз ауылына кіре беріс	83
7	KD-SH-007	Жылтыр ауылына кіре беріс	2,26
8	KD-SH-008	Бершүгір бекетіне кіре беріс	1,5
9	KD-SH-009	Тұмалыкөл ауылына кіре беріс	1,78
10	KD-SH-010	Аққайтым ауылына кіре беріс	1,86
11	KD-SH-011	Қауылжыр ауылына кіре беріс	1,45
12	KD-SH-012	Қотыртас ауылына кіре беріс	2,04

13	KD-SH-013	Байқадам ауылына кіре беріс	1,83
14	KD-SH-014	Бегімбет ауылына кіре беріс	1,74
15	KD-SH-015	Тоғыз ауылына кіре беріс	4,4
16	KD-SH-016	Шілікті ауылына кіре беріс	3,5
Барлығы			128,175

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК